



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448 бет.
2. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640бет.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 1989.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 208 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік – Словарь, 2005. – 240 б.

ӘОЖ 81`373.46

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Мұсаева Ұлшат Оразханқызы

ulshat.musaeva@mail.ru

Есей Назерке Бақытжанқызы

naz.esey@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультетінің 3-курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Б. Мамаева

Адам тарихының ұзын сонар көші сияқты дене тәрбиесінің де өзінің даму, қалыптасу жолы бар. Бұл жол сонау ерте дүниенің данышпандары Гиппократ, Аристотель, Галендерден бастап осы күнге дейін созылып келеді. Адамзатпен бірге жасасып келе жатқан бұл салада қазақ ғалымдары да сырт қалмады. Ұлт қайраткерлері спорттың, салауатты өмір салтының салмағын дер кезінде сезінсе керек. Себебі С.Бабажанов, Е.Букин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедовтер ізіне түсіп нықтап зерттемесе де әңгіме арасында қазақ халқының дене тәрбиесі туралы келелі пікірлер айтып кеткен. Кейін бұл саладағы кәсіби мамандар Х.Мұхаммеджанов, М.Рақымқұлов, М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, Ә.Бүркітбаев, А.Құлназовтар елеулі еңбектер жазды.[1,109] XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткерлері, Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы – А.Байтұрсынов өзінің шығармаларында жас ұрпақтың тән тәрбиесіне де біршама көңіл бөлді. 1922 жылы жазған «Тән байлығы, жан байлығы» деген мақаласында, бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпай отырған пікір білдіреді : «Тән саулығын қазақтың бәрі жақсы көреді, бірақ тән саулығына керек істі қазақтың бірі де істемейді десек, өтірікші болмаспыз. Сондықтан қазақтың ауру-сырқаудан аман аз болады». Дене тәрбиесі қоғамдық тарихи, мәдени, әлеуметтік құбылыстардың заңдылықтарына бағынып, әрбір тарихи кезеңдерге, қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты құбылып тұрады. Соған байланысты дене тәрбие саласындағы термин атаулары жаңарып, өзгеріп отырады. Ұлттық тілдің сөздік құрамы, сол халықтың тарихына, тұрмыс-салтына, мәдениеті мен әдебитіне, өнеріне тікелей қатысты, және оның материалдық, рухани қазынасының айнасы іспеттес. Мұның себебі, өмірдің қайсыбір саласын алсақ та, ондағы құбылыстардың барлығы да тілге іздерін тастап, оның бойына сіңген сөздерді куә етіп, өздерінің таңбасын қалдырады. Сондықтан да қай тілдің болмасын түсіндірме сөздігін жасау – сол тілдің иесі халықтың рухани өміріндегі маңызы зор жұмыс.

Қазір елімізде спорттың жүздеген түрлерімен айналысып жарыстар өткізіледі. Солардың алпыстан астам түрінен халықаралық жарыстарға қатысамыз. Демек, спорт кез келген мемлекеттің басқа елдермен қарым-қатынасын барынша кеңейтіп отыр. Қазақ халқының басқа халықтармен өзара байланыс қатынастарымен шектелмей, екпіндей енген бұрын біздерге бейтаныс көптеген спорт түрлері өзімен бірге ғажайып сөз тасқынын да ала

келді. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығында бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес, бұл тұрғыдағы келелі міндеттердің бірі тіліміздің терминдер саласын қазіргі талапқа сай қайта жүйелеп, кемелдендіру болған еді. Осыған сай ғылымның сан саласына арналған терминологиялық сөздіктер жарық көрді. Соның ішінде спорт саласына арналған сөздіктер де бар. Осыған дейін бір жүйеге түспей келген, жинақталмаған сөздерді реттеу, топтау оңай шаруа емес, алайда көтерер жүктің ауырына қарамастан терминолог ғалымдар, сала мамандары қолдарынан келгенше сапалы жұмыстар жасаған. Дегенмен, кемшіліктер де кездеседі және терминолог ғалымдар арасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Бірі – термин атаулының бәрін өз тілімізге аударып алу, екіншісі – халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдау. Дене тәрбиесі және спорттың басқа салалардан айырмасы мұндағы атаулар тек шағын топта не аймақ арасында ғана емес халықаралық жарыстарда, әлемдік додаларда қолданылады. Демек бұл салада кездесетін термин атауларының бәрін қазақ тіліне аудару тиіс деп айта алмаймыз. Ал халықаралық терминдерді сол күйінде өзгертеп алу тіліміздің ала-құла сөздермен бұзылуына әкеледі. Осындай екіге жарылған пікірталас арасынан әр терминге өз терезесіне тең балама берілуін, дұрыс мағына үстемелеуін қадағалап, шамамыз келгенше дұрыс нұсқасын ұсыну біздердің - тіл жанашырларының міндеті. Терминологиялық сөздіктегі ұлттық тіліміздің жай-күйі тексерілсе, яғни тілдік норма заңдылықтарын, дұрыс аударма жасалуын, терминге қойылатын талаптардың сақталуын т.б мәселелерді назардан тыс қалдырмасак. Газет-журнал беттерінде, теледидар, радио хабарларда жалпы бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген термин сөздердің қазақ тілінде баламасы бола тұра қолданылмауына және халықаралық терминдерді түпкі мағынасына сәйкес емес ана тілімізде аударылуына, терминдік талаптардың сақталмауына тосқауыл болсақ.

Әдеби тіліміз қанша тұрақталып, қанша нормаланып, бірқалыпқа түссе де оның құрамында, әсіресе лексика саласында бірде олай, бірде бұлай жазылып жүрген, немесе дұрыс аударылмай жүрген сөздер аз емес. Басқа тілдерден сөз алғанда, аударып не аудармай алу, оның баламасын іздестіру немесе қолдан сөз жасап алу төңірегінде талас-тартыс әлі бар. Әдетте әдеби тіліміздің даму процесін байқап қарасақ, екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан сөздік қорымыз қоғам өмірінен, ғылымымен, әдебиетпен, экономикамен тікелей байланысты болғандықтан ол үздіксіз байып, дамып, сол даму, баю барысында халық тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдаланып, тіл мен тілдің қарым-қатынасы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан мемлекеттік, саяси-қоғамдық, бұқаралық іс атқару жұмыстары орнығып баспасөз, әдебиет, ғылым мен мәдениет дамыған сайын тілдегі қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық, үйлесімділері, сұрыпталып, жалпы халыққа бірдей ортақ қалыпқа түсіп нормаға айналады. Тілдің әдеби тіл аталуының, сол дәрежеге жетуінің басты шарттарының бірі – оның сұрыпталған нормасының болуында. Бұл айтқандарымыз тіліміздің терминологиясына, оның ішінде спорт терминологиясына тікелей қатысты. Спорттың дамуы өзімен бірге жаңа ұғым мен сөздерді, жаңа тіркестер мен сөйлемдерді ала келді. Сөйтіп, біздің әдеби тіліміздің терминологиясын байыта түсті. Әрине, спорт терминдері бірден оңай жасала салған жоқ. Олардың жасалуы өміршең дәрежеге жетуі, көп ойланудың, көп ізденістің нәтижесі. Біраз атаулардың талай өзгеріске түсіп, сәтті балама табылғаннан кейін тұрақталып, қалыптасып кеткені белгілі [4,31].

Ата - бабаларымыз «елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан» деп бекер айтпаған екен. Тұрмыс - салтымыздың, дәстүр - ғұрыптарымыздың замана ағымына орай бірқатар өзгерістерге ұшырауына байланысты соңғы 10-15 жылдың төңірегінде тілімізге көптеген жаңа сөздер еніпті. Бұл ретте басқа салалар сияқты спорттың да тіл байлығымызға қосар үлесі зор. Осыдан 50-60 жыл бұрын, ХХ ғасырдың орта тұсында баспасөз беттерінде спорт жайлы тек хабар-ошарлармен ғана шектеліп жүрсек, қазір осы тақырыпты кең қамтитын газет-журналдарымыз бар, том-том кітаптар шығарылып, кинолар түсірілуде, ғылыми еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалуда. Демек, спорт атаулары ана тілімізді байытып, шұрайландырып, тіл теңізіне өзіндік бір сала болып құйылып отыр. Біз сөз етіп отырған спорт атаулары негізінен үш көзден нәр алады. Соның біріншісі, топырағымызда өсіп

қалыптасқан төл сөздеріміз. Алайда, мұның барын бар деп, жоғын іздеп табуымыз керек. Екіншісі, аударуға сұранып, мән мағынасын жоғалтпай, тілдік қорға сіңіп кетуге дайын сөздер. Бұлардың мазмұнға өзгеріс енгізбейтін дәл баламасын табу қажет. Үшіншісі, әуелгі баста бір тілде айтылып, кейін қазақтан басқа да көптеген халықтар сол күйінде қабылдаған, әлем жұртшылығы түгел мойындап өз сөзі етіп, бауырына басып алып кеткен атаулар. Бұл атауларды «мен былай айтар едім» деп өзі қолқалап, ана тілімізге кірісіп кеткісі келіп тұрмаса сол күйінде қалдырған дұрыс. Тілдің сипаттары үнемі дамып, өсіп отырмаса ол бірыңғай архаизмге, көне сөздердің қоймасына айналады. Мысалы, пайдалану аясы күн сайын кеңейіп отырған ағылшын, француз, жапон, неміс тілдерін алайықшы. Олар жаңа атауларды кеудеден итермейді, жатсынбайды, тез қабылдап, бойларына сіңіріп алып кетеді. [5,5].

Ғылымда терминге түрлі талаптар қойылуда. Мәселен, Ө.Айтбаев өз кезіндегі ғалымдар пікіріне сүйеніп, І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов сөздігіне негіздеп мынадай пікір айтқан: «Сонда термин дегеніміз, ең алдымен, белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика болып шығады. Оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік». Бұл ғылымда бекіп терминге қойылатын талаптар деп аталып күрделене түсті. Ғалым Ш.Құрманбайұлы оларды жинақтап, пайдалы деген мына талаптарды сипаттаған: «1) терминнің бірмағыналылығы, 2) термин мағынасының дәлдігі, 3) терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы, 4) терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі, 5) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы, 6) терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы, 7) эстетикалық талапқа сай келуі» [7, 163]. Синонимия құбылысы терминологияда болмасын деп түбегейлі қарсы бола алмаймыз. Егер сөз мағынасын ашуға шамасы келсе неге пайдаланбасқа?! Тек жауыннан кейін қаптаған саңырауқұлақтай сансыз, сапасыз болмаса болғаны.

Терминге қойылатын талаптардың бірі – терминнің уәжділігі, яғни термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі тиіс. Сонымен қатар эстетикалық талаптарға сай келуі керек. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа қораштау естілетін, айтуға ауыр қарапайым лексика қатарынан, жаргон, арго сөздердің термин ретінде таңдалмағаны жөн. Кейбір ғалымдардың «терминнің үндесімділігі» деп атап жүргені осы эстетикалық талапқа сәйкес келеді [7,166]. Біздің саламыз бойынша терминологиялық сөздікте бұл талап та орындалмағанын байқауға болады. Мысалы: айла – тактика, альпинистер топ серуені – экспедиция альпинистская, айналып түсу – сальто, арыстан балуан – храбрый борец (Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. 30.Т. Дене тәрбиесі және спорт. – 2014. – 464бет.) Біздің ұсынысымыз: амал, тәсіл, альпинистер экспедициясы, батыл балуан, сальто. Сөздіктегі сөздерді ұзын сонар етіп жарыста жаттықтырушылардың не спортшылардың айтып, айтылуы бойынша орындап жатқанын елестете аласыз ба?! Мүмкін емес! Орыс тілінен сөзбе - сөз аударылған шұбыртпа терминдер біздің назардан тыс қала алмады. сол аяқпен тізерлеп тіреніп, оң қол жоғары (7)– упор на левом колене, правой рука верх; тіренуден алға сермеп артқа қайқая 360 бұрыла секіріп түсу (9) – махом вперед из упора сальтом назад прогнувшись с повородом 360; төменгі сырықта артқа айналып жұлына секіріп түсу (7) – оборотом назад на нижний жерть срыв; түрлі ұстап асылудан артқа сермеп 360 бұрыла шығып тірену (9) – из вися разным хватом; Балама: сол тіземен тіреніп, оң қол жоғары (6) төменгі сырықта артқа жұлына секіріп түсу (6) түрлі ұстап асылудан артқа 360 қа бұрыла тірену (7); Байтұрсынов заманынан келе жатқан біріккен сөздерді жазудағы қателіктердің заманның да, адамның да, ғылым-білімге қойылатын талаптардың өзгергеніне қарамастан өкшелеп келе жатқаны тіл мамандары үшін үлкен сын. Бірігуі мүмкін емес сөздерді біріктіріп жазу компьютерлік терімнен кеткен ақау шығар деген үмітпен қарайын десек, бір біріктірілген сөзді бірнеше жерде дәл солай қолдану жай кеткен қателік емес, қасақана жасалған әрекет секілді. Біріккен сөздердің емлесіне қатысты мәселе қазақ тіл білімі қалыптасқанынан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан, бұл саладағы басы ашылмаған мәселелердің бірі. Ал біріккен сөздердің тұрпат межесі туралы Қ.Жұбанұлы

терминімен айтқанда кіріккен сөздің жаңа түрінің жазылуы туралы айтсақ, мәселе қашан да қиындықсыз шешілмегенін көреміз. А.Байтұрсынұлының өзі «бұрын бір өңкей болса, бірігіп жазылып, бір өңкей болмаса, қосарлық(-) пен жазылатын еді, енді бәрі де қосарлықпен жазылатын болды», - дейді. Профессор М.Балақаев еңбектерінің қомақты да маңызды саласы – қазақ тілінің емле, орфография, тіл мәдениеті мәселелері әсіресе, ғалымның біріккен сөздер, оның белгілері, жасалу жолдары туралы айтқан көзқарастары – бүгінде осы төңіректегі зерттеу барысында басшылыққа алынатын құнды пікірлер қатарында. Ғалымның: «Біріктіру – жинақылықтың белгісі. Жинақылық – мәдениеттіліктің нышаны. Мәдениетті елдің жазуы тілдегі сөз тұтастығын бұзбай, адамдардың психологиялық ойлау қабілетіне сәйкес болуға тиіс. Адамның жазу әрекеті мен көру әрекеті үйлесіп, қалыптасқан сайын тілдік сана-сезім күшейе түседі», - деген пікірі өзекті. Алайда «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздігін» жасаушы ғалымдар сөздерді жинақы жазамыз деп жаңсақтыққа жол бергендей. Сөздікте тіліміздің грамматикалық талабына сәйкес жазылған біріккен сөздер қатары – 17, ал талапқа бағынбаған біріккен сөздер қатары – 33.

Сөздерді қосарлау арқылы сөз жасау қазақ тілінде бұрыннан бар тәсіл. Қос сөздер тілде екі сөздің қосарлануы арқылы және бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. Дене тәрбиесі және спорт саласында бұл тәсілді шамадан тыс қолдану және мүлде көзге ілмеу байқалады. Қос сөздердің біздің саламыз бойынша терминологиялық сөздіктегі қате жазылғандарының саны – 20, ал грамматикалық талаптарға сай жазылғаны – 51.

Мемлекеттік жиындардың тізгінін алған қазақ тілінің әлемдік спорт олимпиядаларының да жаршысы болар күні алыс емес. Сол бағытта салалық терминологиялық сөздіктерді түгендейік. Осыған дейін бір жүйеге түспей келген, жинақталмаған сөздерді реттеу, топтау оңай шаруа емес, алайда терминолог ғалымдардың шалалығы дейміз бе әлде әсіре сілтеушілік дейміз бе сөздіктерді салыстыра қарағанымызда көптеген сорақы қателерге кездестік. Әсіресе біріккен, тіркескен, кіріккен және қос сөздерге қатысты қателіктерден көз сүрінеді. Осы сөздікті жасаушы ғалымдар филиология ғылымында еңбек еткен, белгілі биігін бағындырған тұлғалар. Соған қарамастан Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткен терминжасам талабына яғни, ана тіліміздің барлық мүмкіндігін пайдалануды, ал мүмкіндігі жетпей жатқан жағдайда шет тілден алынсын, жай ғана алынып қоя салмай қазақ тілінің заңдылықтарына бағындырылып өзгертілсін деген талабын көптен-көп ескере қоймаған секілді, ал ескерген кездері тіпті сорақы. Мысалы: *аңғау жебе – стрела направляющая, шатқаотырыс – шпагат, гольфалаң шөбі, адымөлшегіш – шагомер, аға уақыт өлшеуші – старший хронометрист, алаужаққыш – факел, айыпдобы – штрафной мяч, алыс арақашықтыққа жүгіру – бег на длинную дистанцию, аға секунд санаушы – старший секундометрист, денемәдениеті – физкультура, жаттығу шатыржайы – лагерь тренеровочный, допигеқарсы – антидопинг, кемеарты – корма жартылайқыйыс – полудиагональ, желкенжарыс – байга яхт, баскетбол алаңқайы – поле баскетбольное, күрескілем бөлімі – покрывка, кекілдірік – налобник т.б.* Кейбір төл сөздеріміздің орфографиясына байланысты қиындықтарға кездестік, қалай дұрыс болар екен деп орфографиялық сөздіктерге жүгінгенімізде оларда да шикілік бар. Әр жылғы басылымда әртүрлі нұсқасы кездесті. Содан орфографиялық сөздіктерге де болашақта әжептеуір талдау жасау керек-ау деген ой туды. Шет тілден енген сөздерді аудару барысында да қателіктер көп. Бұл жердегі мақсат орыс тіліне сайма-сай аудару емес, аударылған терминдердің күнделікті өмірімізде болмаса да, спорт саласындағы мамандардың сөздік қорында қолданылуы, тілде айтылғанда ыңғайлы, жатық болуы және жағымды естілуі. Абай атамыз айтқандай «бөтен сөзбен былғанған сөз арасын» тазалау біздердің, болашақ тілшілердің мақсаты. Шет тілінің ықпалы ықтырған қазақ тілін ығымызға өзіміз алмасақ, өзге келіп өгейсітіп жатса тіл мамандары біз кінәлі емеспіз бе?!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жолымбетов Ө., Құлназаров А. ҚАЗАҚСТАН-спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Сөздік-Словарь», 2009-880 бет.

2. Қыдырмолдина А.Ш. Дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің физиологиялық негіздері: Оқулық.-Алматы, 2014.-528бет.
3. Тайжанов С., Қарақов А. Дене тәрбиесі.4-кітап. Оқулық. Алматы: «Эверо», 2010.-366 бет.
4. Кәрібаева Ә. Спорт терминдері. – Алматы, 1986 ж.
5. Жолымбетов Ө. Спорт әлемі. Балаларға арналған спорт анықтамалығы.-Алматы: «Сөздік-Словарь»,2010.-472 бет.
6. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
7. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. -267

ӘОЖ 81'373.22

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫН БЕЙНЕЛЕЙТІН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТҮС АТАУЛАРЫ

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы

farizamm97@gmail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Филология факультетінің 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Қ. Сарекенова

Фразеологизмдерді зерттеу, оларды топтастыру, мағыналарын ашу мәселесі күні бүгінге дейін күн тәртібіне қойылып келеді. Ж. Қоңыратбаеваның айтуы бойынша XX ғасырдың басында проза тілінде тақырыбы жағынан жандана бастаған фразеологизмдердің бір тобы – табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдер.

Р.А.Авакованың «Фразеосемантика» атты еңбегінде фразеологизмдерді төмендегідей топтастырып көрсетеді:

- Адамның анатомиялық атаулары мен қимыл қозғалыстарына байланысты ;
- Жануарлар әлемі;
- Өсімдіктер әлемі;
- Табиғат құбылыстары;
- Өлшем бірлік;
- Сандық фраземалар;
- Түр-түстік және сындық;
- Алғыс және қарғыс мәнді;
- Мифтік және діни;
- Тарихи кезеңдермен және тұлғалармен байланысты [1,59];

Соның ішінде Г.Смағұлова табиғат құбылыстары, ауа райына қатысты жасалған мағыналас фразеологизмдерді үш топқа бөліп қарастырды.

Ыстық күнге байланысты фразеологизмдер: аспан айналып жерге түскендей, аспан аптап, күн шыжу, құс қанаты күйгендей, қырық күн шілде, ми қайнатар;

Боранға байланысты фразеологизмдер: ақ боран,ақ түтек боран, ақ түтек үскірік, алай-түлей боран, қара боран, тас боран, шұнақ боран;

Суық, аязға байланысты фразеологизмдер: ақ қар,көк мұз,қызыл шұнақ сары аяз, қыстың көзі қырауда, сақылдаған сары аяз, сары шұнақ аяз [2,123].

Табиғат құбылыстары жел, боран, қар, құйын, жауын, тұман, қырау сияқты сөздердің ерекше бейнесін жасауда түс атаулары ұтымды пайдаланылады.

Табиғат құбылыстарын бейнелейтін фразеологизмдерді өз ішінді Ә.Қайдардың «Адам. Қоғам. Табиғат» деп аталатын үш томдық еңбегінің негізінде төрт топқа бөліп қарастыруымызға болады: